



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

10.04.2024 № 3 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 10 сәуірдегі  
қаулысы

Елорданың тұрғын үй қорын  
қайта жаңарту тетіктері мен  
жүргізіліп жатқан жұмыстары  
туралы

Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) елорданың тұрғын үй қорын қайта жаңарту тетіктері мен жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы ақпаратты тыңдалап, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Тұрғын үй қорын қайта жаңарту бағдарламасын іске асыру шенберінде 2013 жылдан бастап 286 апатты үйдің тұрғындары қоныс аударды, 4500-ден астам отбасы абаттандырылған жаңа пәтерлер алды.

2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй қорын қайта жаңарту жобасы шенберінде 4 710 пәтерге арналған 206 апатты үйдің («Сарыарқа» ауданы – 82 үй, «Байқоңыр» ауданы – 104 үй, «Алматы» ауданы – 15 үй, «Есіл» ауданы – 5 үй) тұрғындарын көшіру анықталды.

Қайта жаңарту жобасы қолданыстағы екі тетік бойынша іске асырылуда. Апатты үйлердің тұрғындарын көшіру үшін жаңа тұрғын үй салу есебінен «Елорда даму» ЖШС-та жүктелді. Бағдарламаның шарттары бойынша «Елорда даму» ЖШС апатты үйлердің тұрғындарын кейіннен көпіру үшін салынған тұргыш үйдің бір болігін коммуналдық мешітке береді, қалған бөлігі жылжымайтын мүлік нарығында сатылады, ал кірістер жаңа құрылышқа қайта инвестицияланады.

Сондай-ақ бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу арқылы. «Астана қаласының Активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ «Меридиан» ЖШС-мен 704 пәтер жеткізуге шарт жасасты, жеткізу мерзімі ағымдағы жылдың 1 тамызында. ҚР Ұлттық Банкінен «Бәйтерек» «ҰБХ» АҚ қарыз қаражатын бөлу бойынша макұлдау алынды. Нормативтік құқықтық

актілерге өзгерістер енгізуіне және бюджеттік бағдарламаның ашылуына қарай 1 400-ге жуық пәтер сатып алынады.

Бұдан басқа, «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының қатысуымен тұрғын үй қорын қайта жаңартудың қосымша құралы анықталды. Тетік ӘКК мен жеке инвестор арасында бірлескен қызмет туралы шарт жасасуды көздейді. ӘКК пәтерлердің жеке қоныс аудару қорын ұсыну жолымен қатысады, инвесторлар жобалық-сметалық құжаттаманы өзірлеуге, құрылыш-монтаждау жұмыстарына және инвестициялық табысты ескерे отырып, ӘКК пайдаланылған қоныс аудару қорын кейіннен өтеуге жауапты болады.

Депутаттар отырысқа дайындық шенберінде 2024 жылғы жоспарға сәйкес қоныс аударуға және бұзуға жататын апартты тұрғын үйлерге барды.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, қала тұрғындарында тозығы жеткен және апартты үйлерді бұзу туралы көптеген сұрақтар туындаиды, бұл халықпен ақпараттық жұмыстың тиімділігінің төмендігін және қайта жаңарту механизмінің ашық еместігін көрсетеді.

Мәселен, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК (Icomek109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес, 2023 жылдың басынан бастап елорданың тұрғын үй қорын қайта жаңарту мәселесі бойынша 5 016 өтініш келіп түсті.

Тіркелген оқиғалардың ең көп саны «Есіл» ауданында байқалады – 1 447 оқиға. Өтініштердің сипаты құрылыш салушыларға, сыртқы әрлеуге, апарттық құрылышқа, жұмыс істемейтін объектінің бұзуға және т. б. шағымдардан тұрады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Елорданың тұрғын үй қорын қайта жаңарту тетіктері мен жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ ұсынылсын:

«Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласының сәулет, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» ММ, «Астана қаласының қалалық қоршаған ортаны бақылау және сапа басқармасы» ММ бірлесіп Астана қаласындағы тұрғын үйді қайта жаңарту жобасы шенберінде жеке құрылыш салушыларды апартты үйлерді бұзуға және көшіруге тарту тетіктері бойынша ұсыныстар енгізсін;

осы мәселелерді реттейтін НҚА-ға өзгерістер енгізу бойынша тұрғын үй нарығының барлық қатысуышыларының ұсыныстарын жинау және қорытындылау;

«Астана қаласының қалалық ортаны бақылау және сапа басқармасы» ММ, «Астана қаласының сәулет, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» ММ-мен бірлесіп, 2024 жылдың сәуір айының сонына дейін

соңғы 10 жылда бұзылған апатты үйлер орналасқан жер участекелері қандай қажеттіліктерге берілгені туралы ақпарат берсін.

3. Астана қаласы аудандарының әкімдеріне апаттық деп тану мақсатында техникалық тексеруге жататын үйлердің тізбесі ұсынылсын.

4. «Елорда құрылыш компаниясы» ЖШС-ға 700 пәтердің құрылышы барысы туралы толық ақпарат беру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа қаулыда белгіленген мерзімдерде, озге де тармақтар бойынша – бір ай мерзімде берілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының құрылышы,  
экология, көлік және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**

B. Сергеев